

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 2(26) сәуір-маусым 2021  
ISSN 2710-3994



**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашиң Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызығ мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*

*Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*

*Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Еімұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyš Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожжахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**

Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**

Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State*

*University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzakh Altynbek

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ҚАЛАСЫНЫҢ ОСТЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ****Ақымбек Е.Ш.<sup>1</sup>, Шағырбаев М.С.<sup>2</sup>**<sup>1</sup>PhD доктор, ЖҒҚ. Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты. Қазақстан, Алматы қ.<sup>2</sup>Ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты. Қазақстан, Алматы қ.

**Аңдатпа.** Мақалада 2014 жылы ортағасырлық Аспара қаласының орталық бөлігінің шығыс жағында (шахристан) К.М. Байпақовтың жетекшілігімен ОҚКАЭ-сы (мүшелері: Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шағирбаев) жүргізілген қазба жұмыстарынан ашылған құрылыс орындарынан табылған остеологиялық материалдар қарастырылады. Көлемі 13x10 м қазба 0,5-1 м тереңдетілгенде астыңғы мәдени қабаттың үстіне салынған XIV–XV ғғ. жататын бөлме орындарынан жануарлардың сүйектері әртүрлі деңгейден, құрылыстың барлық жерінен анықталады. Остеологиялық материалдардың жалпы саны – 453 дана, оның ішінде 341 данасы нақты жануар түрлеріне қарай ажыратылады. 112 дана сүйектер сүтқоректілер класына тиесілі болғанымен, жануар түрі анықталмады. Сүйек материалдардың ішінде ит пен есек сүйегінен басқасы «ас үй қалдығы» болып табылады. Мұны сүйектердің 82% бөлшектенгенінен көруге болады. Бүтін сүйектерге тек көлемі кішкене, «куб» тәріздес қаңқа элементтері тиесілі. Зерттеу барысында 10 жануар түрі анықталып, олардың қаңқа элементтері мен жас ерекшеліктері сипатталып, жыныстық диморфизміне талдау жасалады. Қала тұрғындарының шаруашылығы мен тағам рационында төрт түлік мал кеңінен қолданылған. Оның ішінде уақ мал саны басымдық танытады. Жабайы жануарлар саны материалдардың ішінде 1% ғана құрайды. Үй жануарларын пайдаланудың негізгі мақсаты ет өнімін алумен байланысты. Мұны жануарлардың жас ерекшеліктеріне орай жүргізілген зерттеулер растайды. Сүт өнімін алуда ірі қарамен қатар, ешкіні де көбірек пайдаланған тәрізді. Остеометриялық зерттеулер Аспара қаласының тұрғындарының шаруашылығында ірі тұқымды жылқылар пайдаланғанын көрсетіп отыр.

**Түйін сөздер:** Шу өңірі, орта ғасыр, Аспара қаласы, шахристан, археология, мәдени қабат, остеология, фауна, мал шаруашылығы, археозоология

**Дәйексөз үшін:** Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С.

**ОСТЕОЛОГИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА АСПАРА (по материалам раскопок 2014 г.)****Ақымбек Е.Ш.<sup>1</sup>, Шағырбаев М.С.<sup>2</sup>**<sup>1</sup>PhD доктор, ЖҒҚ. Институт археологии имени А. Х. Маргулана, Казахстан, Алматы.<sup>2</sup>Ғылыми қызметкер, Институт археологии имени А. Х. Маргулана, Казахстан, Алматы.

**Аннотация.** В статье рассматриваются остеологические материалы, обнаруженные в 2014 году на раскопе, выполненном в восточной части центрального возвышения (шахристан) средневекового городища Аспара под руководством К.М. Байпакова ЮККАЭ (члены: Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шағирбаев). Костные останки животных были обнаружены и собраны при углублении раскопа размером 13x10 м на 0,5-1 м во вскрываемых помещениях XIV-XV вв., построенных над нижним культурным слоем, с разных уровней, по всему сооружению. Общее количество остеологических материалов составило 453 экз., среди них 341 экз. определены до

вида. 112 костей видовому определению не подлежит, определены как млекопитающие. Все костные материалы, кроме костей осла и собаки, являются «кухонными остатками». Это видно по раздробленности (82%) костей. К целым костям относятся только мелкие по размеру, «кубовидные» элементы скелета. В ходе исследования были выявлены 10 видов животных, описаны их скелетные элементы и возрастные особенности, проведен анализ полового диморфизма. В хозяйстве и рационе питания древних жителей, широко использовались домашние копытные. Среди костей домашних животных, преобладают кости мелкого рогатого скота. Численность диких животных составляет всего 1%. Основная цель использования домашних животных связана с получением мясной продукции. Это подтверждают исследования, проведенные с учетом возрастных особенностей животных. По-видимому, в получении молочной продукции наряду с крупным рогатым скотом больше употребляли коз. Остеометрические исследования показывают, что в хозяйстве жителей средневекового городища Аспара использовались лошади крупных пород.

**Ключевые слова:** Чуйская долина, средневековье, городища Аспара, шахристан, археология, культурный слой, остеология, фауна, археозоология, животноводство.

### **OSTEOLOGICAL DATA FROM THE MEDIEVAL SITE OF ASPARA (based on 2014 season excavation materials)**

**Akymbek E.Sh.<sup>1</sup>, Shagirbaev M.S.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, Leading Researcher of the A.Kh. Marghulan Institute of Archaeology, Kazakhstan, Almaty.

<sup>2</sup>Researcher of the A.Kh. Marghulan Institute of Archaeology, Kazakhstan, Almaty.

**Abstract.** The article considers osteological materials discovered in 2014 at an excavation carried out in the eastern part of the central hillock (shahristan) of the medieval site of Aspara under the leadership of K.M. Baipakov South Kazakhstan Complex Archaeological Expedition (members: Y.Sh. Akymbek, M.S. Shagirbaev). The bone remains of animals were discovered and collected during the deepening of the excavation with a size of 13x10 m in depth by 0.5-1 m in the open rooms of the XIV-XV centuries, built above the lower cultural layer, from different levels, throughout the structure. The total number of osteological materials consists of 453 pieces, among them 341 pieces have been identified as specific species of animals. 112 bones are not subject to species definition, defined as mammals. All bone materials except donkey bones and dogs, are kitchen remains. This is evident from the fragmentation (in total 82%) of the bones. Whole bones include only small, "cuboid" elements of the skeleton. There are 10 species of animals were identified, their skeletal elements and age features were described, and sexual dimorphism was analyzed during the study. In the economy and diet of the ancient inhabitants, domestic ungulates were widely used. Among the bones of domestic animals, the bones of small cattle prevail. The number of wild animals is only 1%. The main purpose of domestic animal's use was to produce meat products. This is confirmed by studies conducted taking into account the age characteristics of animals. Apparently, goat was more consumed in the production of dairy products along with cattle. Osteometric studies show that horses of large breeds were used in the economy of the inhabitants of the medieval site of Aspara.

**Keywords:** Chui valley, Middle Ages, Aspara site, shahristan, archeology, cultural layer, osteology, fauna, archeozoology, livestock production.

#### **Кіріспе**

Қазақстан аумағындағы тарихи қалалардың үздіксіз дамып, өмір сүріп келе жатқандары

санаулы. Олардың тағдыры негізінен Қазақстан аумағындағы саяси оқиғаларға байланысты өрбиді. Ел аумағында болған саяси-экономикалық жағдайларға байланысты пайда болды, дамыды және жойылды немесе өсіп келеді. Дегенмен, ежелгі дәуірден бастап тоқтаусыз өмір сүріп келе жатқандары некен-саяқ. Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы көптеген ортағасырлық қалалар Түрік қағанаттары және Қарахан мен Оғыз мемлекеттерінің тұсында пайда болып дамыды. Қидандардың (қарақытайлардың) жорығы мен Моңғол шапқыншылығынан кейін көптеген қалалар өмір сүруін тоқтатты. Дегенмен, Сырдария бойындағы жекелеген, Шу мен Талас өңіріндегі санаулы қалалар ғана өмір сүруін жалғастырады. Бұл қалалар моңғол-темір кезеңін басынан өткізген болатын. Қазақстан археологиясында моңғол-темір уақытында өмір сүрген қалалардың қалалық мәдениеті туралы мәліметтер аз, себебі осы уақытта өмір сүрген қалалардың ішінде біршама жақсы зерттелген қала қатарына Отырарды жатқызуға болады. Себебі, өткен ғасырдың 60- жылдары осы мәселе қолға алынғандықтан, бірқатар қалаларға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Сондай зерттеу жұмыстары жүргізілген қалалардың бірі – Аспара. XV ғ. жазба деректерде Аспара Ақсақ Темірдің Моғолстанға қарсы күресте тұрғызған қамалы ретінде айтылады (Волин, 1960: 91- 92).

Алғашқы жүргізілген зерттеулердің көбі ашылған қалалық құрылыстарды, табылған қыш, металл және шыны бұйымдарды ғылыми айналымға енгізумен байланысты болды. Пәнаралық зерттеулер жеткілікті дәрежеде жүргізілмеді. Ал, ауыл шаруашылығында егіншілік біршама қарастырылғанымен, мал шаруашылығы жете қарастырылмады. Мал шаруашылығы мен аңшылықты анықтайтын остеологиялық материалдар өңделмеді. Мал шаруашылығында қандай жануарлар өсірілгендігі көбінде жалпылама түрінде жазылып қана қойылды.

Қалалардың дамыған орта ғасырлардағы мәдени қабаттарынан алынған остеологиялық материалдар біршама қарастырылғанымен, моңғол-темір уақытына жататын мәдени қабаттарынан табылған остеологиялық материалдар жан-жақты зерттелмеді. Осы мәселеге, жалпы Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы мал шаруашылығы мен аңшылығын зерттеуге соңғы жылдары ғана ерекше мән беріліп келеді. Сондықтан да, Аспара қаласына жүргізілген қазба жұмыстарының ішінде 2014 ж. ашылған құрылыс орындарынан алынған остеологиялық материалдар зерттеуге тартылды.

### **Ескерткіштің сипаттамасы**

Жамбыл облысы Меркі ауданы Андас батыр (бұрынғы Нововоскресеновка) ауылының ортасында, Абай және Гоголь көшелерінің аралығында, өзі аттас өзенінің сол жағалауынан 1,8 км жерде орналасқан (Сур. 1). Өзенді қазақтар «Аспара» десе, қырғыздар «Ашмара» деп атайды. Бір кездері өзен ескерткіш арқылы ағып өткенге ұқсайды. Бүгінде оны орны үлкен арна болып жатыр. Дегенмен бүгінде қаланың биік келген тек орталық бөлігі ғана сақталған. Шаруашылық аймағына (рабад) кеңестік кезеңде ауыл түсіп кеткен. Қабырғалары әлемнің шартарабына бағытталған қаланың төртбұрышты келген орталық төбесінің көлемі 350x260 м (Сур. 2). Сыртың бір кездері қабырға қоршап жатқан, қазіргі уақытта оның орындары жал болып тұрған орталық бөлігі әртүрлі биіктіктегі үш алаңға бөлініп жатыр. Барлық шығыс, орталығының жарты бөлігін алып жатқан бөлігінің көлемі – 260x140 м. Бұл алаңның сыртын ені 10-12 м, биіктігі 2-4 м жал қоршаған. Осы жалдың шығыс бөлігінің ортасында сыртқа қарай шығып тұрған үлкен мұнараның ізі сақталған. Сонымен бірге жалдың қаланың ең биік алаңының солтүстік орта тұсына жалғасқан жерінде де жартылай дөңгеленген, мұнара орны болуы мүмкін төбе келіп жалғасқан. Ал биік келген батыс, сыртын ені 5-6 м, биіктігі 1-2 м жал қоршаған бөлігінде биік екі алаң бар. Оның оңтүстігіндегісінің көлемі 150x70 м және солтүстігіндегісі – 170x160 м. Олар да өзара жалмен бөлініп жатыр. Шығыс және батыс алаңдардың арасын ені 10 м, түбіндегі ені 4 м, тереңдігі 3 м-ге бейінгі ор бөліп жатыр (Археологическая карта., 1960: 298,

№4144; Алипчиев, Байбосынов, 1982: 120, №282; Байпаков, 2002: 221-222, №507; 2011: 135-138, №82; 2016: 157-158).

Сур. 1. Қазақстан картасы. Ортағасырлық Аспара қаласы орналасқан жер

Қаланың орталық бөлігін үш жағынан қазіргі уақытта ені 10 м, түбіндегі ені 3 м, тереңдігі 2 м-ге дейін баратын ор қоршап жатса, ал батыс бөлігін бұлақ суы ағып өтетін, қамыс өскен батпақ алып жатыр. Орталық бөліктің, яғни ордың сыртында басқа да ортағасырлық қалалардікі сияқты, көптеген құрылыс орындары қала орталығын айнала 150-200 м диаметрге дейін сақталған. Үй орны болған төбешіктер өзен арнасының екі жағалауында да кездеседі. Құрылыс орындарының сыртын жал қоршап жатыр. Жалдың сақталуы әртүрлі, көп жері бұзылып кеткен. Сақталған бөліктерінің ені 10-12 м, биіктіктері 0,5-3 м. Жалдың кей жерлерінен сыртқа шығып тұрған мұнара іздері байқалады. Жалпы аталған аумаққа бүгінде тұрғын үй құрылыстары және көкөніс телімдері түскендіктен бұзылып кеткен. Дегенмен көп жерлерінен төбешіктердің қалдықтары байқалады және қыш бұйымдардың сынықтары мен басқа да заттардың бөлшектері барлық жерінен кездеседі.

Сур. 2. Ортағасырлық Аспара қаласы. Орталық бөлігі. Ғарыштан түсірілген суреті

### Материалдар мен зерттеу әдістері

Остеологиялық материалдар 2014 ж. жүргізілген қазба жұмыстары барысында анықталады (Байпаков, 2014: 21). Жануар сүйектерінің жалпы саны 453 дана, оның ішінде 75% нақты жануар түрлеріне қарай ажыратылады (Кесте 1). Сүйек қалдықтардың қаңқа элементтері мен симметриялық орналасу ерекшеліктері бойынша талдауда, кемінде 24 жануардан тарайтыны анықталып отыр[\*].

	саны	(%)	саны		
1	Ірі қара – <i>Bos taurus</i> L.	118	26,0	5	
2	Жылқы – <i>Equus caballus</i> L.	77	16,9	3	
3	Уақ мал ( <i>Ovis et Capra</i> )	63	13,9	27,7	4
4	Қой – <i>Ovis aries</i> L.	46	10,1	7	13
5	Ешкі – <i>Capra hircus</i> L.	17	3,7	2	
6	Түйе – <i>Camelus bactrianus</i>	12	2,6	2	
7	Есек – <i>Equus asinus</i> L.	1	0,2		
8	Құлан – <i>Equus hemionus</i> P.	4	0,8	1	
9	Ит – <i>Canis familiaris</i> L.	2	0,4	1	
10	Ақбөкен – <i>Saiga tatarica</i> L.	1	0,2	1	
11	Сүтқоректілер – <i>Mammalia</i>	112	24,7	-	
	<i>indet.</i>				
ЖИЫНЫ	453	100,0	24		



Кесте 1. Ортағасырлық Аспара қаласынан табылған жануар сүйектерінің түр бойынша құрамы

Жануар сүйектерін талдау археозоологиялық зерттеулердің стандартты әдістеріне сай жүргізіліп, остеологиялық материалдар жануар түрлеріне, қаңқа элементтеріне, жас ерекшеліктеріне қарай топталады. Сүйектер бөлшектенуі бойынша «бүтін» және «фрагмент» деп екіге бөлінді. Бүтін сүйектерге – тістер (dentes), омыртқа (vertebra), асық (talus), өкше сүйектері (ossa carpi) және фалангалар (Ph 1-3) жатқызылады. Фрагменттерге – барлық сынған сүйектер, жеке эпифиздер (epiphysis), диафиздер (diaphysis) және т.б. жатқызылады. Сүйектерді жануар түрлеріне қарай ажыратуда А.И. Акаевскийдің жануарлар анатомиясына арналған әдістемелік еңбегі (Акаевский и др. 2005: 103-124), жеке қаңқа элементтерін сипаттауда К. Жаңабеков және Е. Мақашевтің жануарлар анатомиясына арналған еңбегі (Жаңабеков, Мақашев, 1996: 18-58) басшылыққа алынады. Ірі қараның сүйектеріндегі синостоз (эпифиздердің диафиздермен бірігуі) жағдайын анықтауда және жануар жасына қатысты тұжырым жасауда В.И. Цалкиннің зерттеулері (Цалкин, 1967: 3) қолданылады. Уақ малдың омыртқасында кездескен сүйек ауруының себептерін анықтауда В.А. Лукьяновскийдің жануар сүйектерінің ауруларын емдеуге қатысты еңбегі пайдаланылады (Лукьяновский, 1984: 123-124). Уақ мал сүйектерін қой және ешкі түрлеріне қарай ажыратуда В. Громованың сүйектерді анықтауға арналған нұсқаулығы пайдаланылады (Громова, 1953: 7-93). Сүйектердің остеометриялық өлшемдерін алып, басқа ескерткіш материалдарымен салыстырмалы талдауда А.В. Дриштің әдіснамалық еңбегі қолданылады (Driesch, 1976: 96-101).

### Талқылау

Қаланы алғашқы зерттеушілердің бірі, 1893–1894 жж. Оңтүстік Қазақстан және Жетісу арқылы сапар жасаған В.В. Бартольд болды. Ол жазба деректерде кездесетін Аспара-Ашпара қаласы туралы көптеген мәліметтерді келтіріп, Шу өңіріндегі Аспара (Асбара) қаласына келетіндігін атап өтеді (Бартольд, 1964: 58, 70, 71, 80, 95, 106, 107, 282, 283).

А.Н. Бернштам Аспара қаласының қиранды орнын ескі атауын сақтап қалған Ашпара шатқалының қарсы алдындағы төбемен теңестіреді. Жергілікті тұрғындардың арасында «Асран-Тобе» атымен де белгілі екендігін айтады (Бернштам, 1941: 69). Ақсақ Темір уақытында қалпына келтірілген қалалар қатарына Ашпараны да жатқызады (Бернштам, 1950: 148; Бернштам, 1946: 117).

1941 ж. Жамбыл археологиялық пункті (Г.И. Пацевич) Шу өзенінің орта ағысы бағытында жасаған зерттеу жұмыстары кезінде Ново-Воскресеновка ауылы шетіндегі қаланың толық сипаттамасын алып, жер бетіндегі керамикаларын жинастырып, жоспарын түсіреді (Пацевич, 1941: 3-7, рис. 1) (Сур. 3).

Сур. 3. Ортағасырлық Аспара қаласы. Жоспары. Г.И. Пацевич түсірген

Ә.Х. Марғұлан 1950 ж. шыққан өзінің еңбегінде ежелгі жазба деректердегі мәліметтерді қиранды күйінде жатқан көптеген қалалар дәлелдей түсетінін айта келе, осы ескерткіштердің қатарында көлемі үлкен бірнеше қалалардың ішінде Меркі мен Ашпараны ерекше атап өтеді (Марғұлан, 1950: 33).

1954–1955 жж. Қырғыз КСР ҒА Тарихи музейінің П.Н. Кожемяко басқарған археологиялық этнографиялық экспедициясы Ашпара қаласының толық сипаттамасын беріп, схемалық жоспарын түсіріп, үстіндегі материалдарын жинастырады. Сыртын қоршап жатқан жал мен орталық төбенің айналасындағы құрылыс орындарынан қалған төбешіктерді де атап өтеді (Кожемяко, 1959: 84-88, рис. 6); (Сур. 4).

Сур. 4. Ортағасырлық Аспара қаласы. Жоспары. П.Н. Кожемяко түсірген Аспара

қаласындағы алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын өткен ғасырдың ортасында ҚазКСР-і ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Археология бөлімі жүргізеді. 1964–1965 жж. Семиреченск археологиялық экспедициясы Аспара қаласын арнайы зерттеуге кіріседі. Л.Б. Ерзакович бастаған топ қаланың орталық бөлігіне қазба жұмыстарын жүргізіп XIII-XIV және XV-XVI ғғ жататын екі құрылыс кезеңінен тұратын құрылыс орнын ашады (Ерзакович, 1965: 81-91; Ерзакович, 1968: 85-97). 1964 ж. зерттеу барысында ашылған бөлмелерден остеологиялық материалдар өте көп анықталған. Солардың ішінде бір бөлменің ішінен екі бетінде де арабша әріппен жазылған жазуы бар сиырдың жауырыны табылады. Жауырында қайтыс болған адамдардың есімі, олардың өлімі туралы қайғы-қасірет берілген (Муратов, Ерзакович, 1967: 71-79).

2012–2014 жж. Аспара қаласындағы зерттеу жұмыстары ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыру жобасының «XIII-XV ғғ. Қазақстанның ортағасырлық қалалық мәдениеті, жазбаша деректер, археологиялық зерттеулер мен нумизматикалық материалдар мәліметі бойынша» (жетекшісі: К.М. Байпақов) атты тақырыбы бойынша жалғастырылып, қаланың бірнеше жеріне қазба жұмыстары жүргізіледі.

2012–2013 жж. жоғарыда аталған тақырып бойынша Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ОҚКАЭ-сы (К.М. Байпақов, А.Ә. Нұржанов, Е.Ш. Ақымбек) орталық бөлігінің батыс жағындағы ең биік жеріне зерттеу жұмыстарын жүргізіліп, XIV–XV ғғ. жататын бірнеше бөлмелердің орнын ашады (Байпақов, Ақымбек, 2014: 384-405).

2014 ж. далалық археологиялық қазба жұмыстары қалада жалғасын тапты. Зерттеу жұмыстары орталық төбенің шығыс бөлігінің солтүстік қабырғасынан 15 м оңтүстіктегі ойпаңдау жердегі сай мен шұңқырдың шығысына жүргізілді. Көлемі 13x10 м қазба 0,5-1 м тереңдетілгенде астыңғы мәдени қабаттың үстіне салынған XIV–XV ғғ. жататын бөлме орындары анықталады (Сур. 5-6). Ашылған бөлмелердің іргетассыз қаланған қабырғаларының қалыңдығы 0,5-1 м, сақталған биіктіктері 0,1-0,7 м. Қабырғалар өлшемі 28x18x5; 28x22,5x?; 25x26x?; 24x15x6; 30x15x6 см қам кірпіштерден тұрғызылған. Ал кейбір жерлеріне қаланған қыш кірпіштердің өлшемдері: 30x?x5; 28x?x5-6; 24x24x5; 22x?x6; 18x?x5 см. Анықталған, батыс қабырғасы бұзылып кеткен, қабырғалары әлемнің төрт тарабына бағытталған үлкен бөлменің көлемі 7x6,5 м (Байпақов, 2014: 12-21). Бөлменің оңтүстік және шығыс қабырғалары шамасы құрылыс кешенінің негізгі қабырғалары болғанға ұқсайды. Себебі бөлменің осы жақтарына бірнеше бөлме жапсарласа салынған. Бөлмеге кіретін есік сақталмаған. Осы үлкен бөлменің айналасында бірнеше шағын құрылыс қалдықтары әртүрлі дәрежеде сақталған. Бөлмелердің қандай қызмет атқарғандығын анықтау мүмкін болмады.

Қазба жұмыстары барысында ретсіз жатқан құрылыс материалдары, қыш ыдыс-аяқтың сынықтары мен малдың сүйектері көптеп анықталады.

Сур. 5. Аспара. 2014 ж. қазбадан ашылған құрылыс орындары. Солтүстік-шығыстан көрінісі (Е.Ш. Ақымбек түсірген фотосурет)

Сур. 6. Аспара. Құрылыс қалдықтарының жоспары (Е.Ш. Ақымбек түсірген)

### **Зерттеу нәтижелері**

*Фауналық талдау.* **Ірі қара** – *Bos taurus* L.

Қазба барысында ірі қараға тиесілі жалпы 118 дана сүйек қалдықтары табылады. Қаңқа элементтеріне жүргізілген зерттеулер, сүйектердің 18 данасының бүтін, 100 данасының бөлшектенгенін көрсетіп отыр. Сүйектердің барлығы да ас үй қалдықтары болып табылады.

Бас сүйек элементтері (*cranium, dentes, maxilla, mandibula*). Ірі қараға тиесілі бес дана бас сүйек сынықтары анықталады. Оның ішінде екі данасы маңдай (*os frontale*), бір данасы таңдай (*processus palatinus*) және желке өсіндісінен (*proc. jugularis*) тұрады. Ірі қараға тиесілі тістердің

біреуі бүтін (m3) және қалған екі дана тістер аздап бөлшектенген, әрі екеуі де жасы үлкен жануарға тиесілі. Жоғарғы жақ сүйектер (*maxilla*) екі дана, оның біреуінде азу (m1) тіс бар. Екінші жақтың тек тұмсық жағында альвеолярлық жиігі (*margo interalveolaris*) ғана сақталған. Төменгі жақ сүйек (*mandibula*) 10 дана және барлығы да бөлшектенген. Кеуде бөлігінің элементтері (*vertebra, costae*).

Кеуде бөлігінің элементтері (*vertebra, costae*). Кеуде омыртқаларының (*vertebrae thoracicae*) саны үш дана және барлығы да бөлшектенген. Қабырғалар (*costae*) саны басқа жануарларға қараған ең көп табылып отыр (40 дана). Бұл жерде қабырғалардың ұзын және кемікті (губчатый) болып келуі, аталған сүйектің тез сынуына және бір данасының бірнеше бөліктерге бөлініп кетуіне әсер етеді. Осы себептен, археозоологиялық материалдардан жануар санын шығаруда мұндай сүйектер негізге алынбайды. Қабырғалардың үшеуінің қабырға басы (*caput costae*) мен қабырға төмпешігі (*tuberculum costae*) өсіп жетілмеген. Төрт дана қабырғаның қабырға бастары (*caput costae*) ас дайындау мақсатында ұрып сындырылған. Үш дана қабырғада жыртқыш жануардың (ит?) мүжуінен қалған тіс іздері сақталған.

Проксимальды тірек-қимыл элементтері (*scapula, humerus, radius, ulna, os coxae, femur, patella, tibia*). Аталған сүйектер жануардың негізгі етті бөліктерін құрайтындықтан, бұл элементтердің маңызы зор. Кейбір зерттеулерде қаңқаның осы элементтерін негізге алып, пайдаланылған еттің көлемін (мөлшерін) анықтау мысалдары кездеседі (Гайдученко, 2013: 217). Жауырын сүйегінің тоқпан жіліктің ұршық басымен байланысатын буын ойысы (*cavitas glenoidalis*) сақталып, жауырын мойыны (*colluma scalulae*) тұсынан сындырылған. Тоқпан жіліктің дистальды эпифизінен тек шығыршығы (*trochlea humeri*) сақталып, диафиздің орта тұсынан сындырылған. Кәрі жіліктің екі данасының проксимальды бөліктері сақталған, ал үш жіліктің екеуі жасы үлкен сиырға тиесілі (*эпифиздері сақталған*) және біреуі бұзауға тиесілі. Осы бұзауға тиесілі кәрі жілік вентра-дорсальды бағытта тесіліп, өңдеуге түскен. Ірі қараға тиесілі шынтак сүйегінің (*ulna*) өсіндісінің (*olecranon*) төмпегі (*tuber olecrani*) толық аяқталмаған. Сан жіліктердің (*femur*) үшеуінің шар тәріздес бастары (*caput ossis femoris*) толық жетілмей, түсіп қалған. Бұл аталған сүйектер жасы үлкен емес сиырларға тиесілі екендігін білдіреді. Бұл тұжырымды шынтак сүйегінің төмпегі жетілмеген элементіне де қатысты екендігін ескертеміз. Бірқатар сан жіліктердің диафиздері тігінен, вертикальды бағытта сындырылуымен ерекшеленеді. Жалпы археозоологиялық зерттеулерде суға қайнатылған (пісіру) сүйектердің, шикі сүйектерге қарағанда сыну (бөлшектену) үдерісі басқаша болатыны туралы пікір бар. Мысалы, суда қайнатылған сүйектер мен қайнатылмаған сүйектердің сыну үдерістерін анықтауда тәжірибе жүргізіліп, айырмашылық болатыны анықталған[†].

Дистальды тірек-қимыл элементтері – жалпы материалдардың 30% жуығын құрайды. Мұның ішінде тұсамыс (*ph 1*), топай (*ph 2*) және тұяқ (*ph 3*) сүйектері бүтін сақталған. Бір дана өкше сүйегінің (*calcaneus*), өкше төмпегі (*tuber calcanei*) толық жетілмеген. Әдетте, өкше төмпегі (*tuber calcanei*) өкше сүйегімен бірігуі, жануар 3 жастан асқан кезде толық аяқталады (Цалкин, 1967: 3). Бұл жануардың үш жасқа дейін-ақ сойылғанын растайды. Ірі қара метаподияларының (8 дана) барлығының да дистальды эпифиздері диафизбен бірігу үдерісі аяқталған. Бұл үдеріс сиырдың жасы 24-28 ай болғанда аяқталады. Яғни, метаподиялар жасы үлкен сиырларға тиесілі. Жалпы эпифиздер бойынша ірі қаралардың жасына талдау жасайтын болсақ, онда жануарлардың сойылу ерекшеліктері белгілі бір жастарға негізделмегенін байқаймыз. Мысалы, ірі қара сүйектерінің жеті данасының эпифиздері түсіп қалған болса, нақты анықталған сегіз метаподияның төменгі эпифиздері жетілген (бірқатар түтікшелі сүйектердің тек диафиздері ғана сақталғандықтан, олар есепке алынған жоқ). Ал ірі қараның төменгі жақ сүйектері мен жеке тістеріне жүргізілген талдаулар, жануарлардың басым бөлігінің 2,5 жастан асқан соң сойылғанын көрсетіп отыр. 6 айында сойылған жануардың саны – 2 (жеке бұзау сүйегінің де

табылғанын ескертеміз). Сонымен, Аспара қаласынан табылған ірі қаралардың басым бөлігі (65%) 2,5-3 жастан асқанда (одан да үлкен болуы ықтимал) сойылған. Қала тұрғындары сиырды ет өнімін (бұзаудан бастап, жасы үлкен сиырға дейін) алумен қатар, сүт өнімін алу мақсатында да пайдаланғанымен, бірінші кезекте етті сиырларға басымдық берілгені байқалады. Ірі қараның қаңқа бөліктерінің ішінде «етті бөлімі» болып табылатын кеуде және аяқтың жоғарғы бөліктерінің сүйектері 52% құрайды.

Жануарлардың жыныстық деморфизмін (аталық-аналық / ұрғашы-еркек) анықтау мақсатында, бірқатар бүтін элементтерге остеометриялық өлшемдер жүргізілді. Жыныстық деморфизм – жануарлардың аталық немесе аналық екендігін интерьер (ішкі ағза құрылымы) және экстерьерлік (сыртқы пішіні) сипатына қарай ажыратылуы. Ескерте кететін мәселе, жануарлардың жыныстық деморфизмін анықтау үшін, әдетте көп мөлшерде іріктеу материалдары қажет. Біздің мысалымызда іріктеулер саны аз болғанымен, өлшемдері өзара айырмашылықтарға ие сүйектердің болуына байланысты зерттеуге алынып отыр. Мұны тұсамыс (Ph1) және тұяқтардан (Ph2) көруге болады. Тұсамыс сүйектерінің екі данасы алдыңғы (anterior), төрт данасы (posterior) артқы аяқтарға тиесілі. Оның ішінде алдыңғы аяқтарға тиесілі бір дана, артқы аяқтарға тиесілі бір дана тұсамыс сүйектерінің өлшемдері (GLPe)(Сур. 7) – (артқы тұсамыс) – 64,2 мм, алдыңғы тұсамыс – 58,4 мм. Сәйкесінше аталған элементтер еркек жануарға (бұқа) тиесілі.

Сур. 7. Тұсамыс сүйегін (Ph-1) өлшеу әдісі (А. Дриш бойынша).

Ал басқа тұсамыстарда бұл өлшемдер (алдыңғы тұсамыс) – 50,8 мм, артқы тұсамыс өлшемдері –  $Lim=53,9 - 55,7$  мм (Сур. 8). Яғни, бұл сүйектер салыстырмалы түрде аналық сиырларға тиесілі. Осы тұжырымды ірі қараның тұяқтарына қатысты да айтамыз. Суретте көрсетілгендей, көлемі ірі екі тұяқ бұқаға, қалған екеуі сиырға тиесілі (Сур. 8). Әрине бұл жерде ірі қаралардың тұқымдық ерекшеліктері, жануардың арық, не семіздігі және жас ерекшеліктерінің әсерін естен шығармаған дұрыс. Егер зерттеу барысында іріктеулер саны көп болса, жоғарыдағы тұжырымдар шындыққа жақын болып шығады.

Сур. 8. Ірі қараның қаңқа элементтері

1-алдыңғы сирақ (Mc III-IV); 2-артқы сирақ (Mt III-IV); 3-алдың тұсамыс (Ph-1 anterior); 4-артқы тұсамыс (Ph-1 posterior); 5-топай сүйектері (Ph-2); 6-тұяқ сүйектері (Ph-3)

Ірі қара сүйектеріне жүргізілген зерттеулерге жалпы қорытынды жасайтын болсақ, ортағасырлық Аспара қаласының тұрғындары шаруашылықта ірі қараға көбірек мән берген. Ірі қара сүйектері басқа жануарларға қарағанда ең көп табылуы (уақ малдан кейін екінші) да осының дәлелі. Шаруашылықта сиырмен қатар, бұқаларды да пайдаланған. Сиырларды бірінші кезекте ет үшін пайдаланған тәрізді. Себебі жануарлардың жас ерекшеліктерін анықтауда (жақ сүйектердегі азу тістер, эпифиздердің жетілуі) көбіне 2,5-3 жастағы сиырлар сойылғаны анықталып отыр (Кесте 2).

Төменгі жақ сүйектегі азу тістердің сақталу жағдайы	Жануардың жасы, ай бойынша	Жақ сүйектердің саны
M <sub>1</sub> жоқ	6 – айға дейін	-
M <sub>1</sub> бар, M <sub>2</sub> жоқ	6 – 18 ай	2
M <sub>2</sub> бар, M <sub>3</sub> жоқ	18 – 28 ай	1
M <sub>3</sub> бар	28 – айдан жоғары	4

Кесте 2. Ірі қараның төменгі жақ сүйегі негізіндегі жас мөлшері

Ірі қара сүйектерінің ішінде бұзауға тиесілі элементтердің анықталуы, қала тұрғындарының тағам рационының әмбебап екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, бұзауға тиесілі түтікшелі сүйектер (кәрі жілік, алдыңғы сирақ) дорса-вентральды бағытта тесіліп, өңдеуге түскен. Бірақ шаруашылықта қандай мақсатта пайдалану үшін дайындалғаны әзірге белгісіз (Сур. 9).

Сур. 9. Бұзаудың (*Bos taurus L. juv.*) өңделген алдыңғы сирағы (*Mc III-IV*) мен кәрі жілігі (*Radius*).

Ірі қараға тиесілі тоқпан жіліктің диафизінен (тоқпан жіліктің каудальды беті өңделген) жасалған сүйек қапсырма да ерекше назар аудартады. Пішінінде ромб тәріздес болғанымен, екі жағы сатыланып барып аяқталған. Екі ұшында үш-үштен, ал екі бүйірінде бір-бірден бірінің ішіне бірі сызылған ортасы нүкте шеңберлер қатты затпен сызылып түсірілген. Екі ұшы жағында бекітуге арналған тойтарма шегелердің қалдықтары сақталған. Сүйек қапсырманың ұзындығы 5,3 см, ені 2,9 см, қалыңдығы 0,7 см (Байпаков, 2014: 21, 74), (Сур. 10).

Сур. 10. Сүйек қапсырма.

Ірі қараның тоқпан жілігінің диафизінен жасалған Ірі қараның жақ сүйектерінің кейбіреулерінде тістердің біркелкі егелмеуі (қажалу) байқалады (Сур. 11). Бұл жағдай, кейде ірі қараларда қорегінде белгілі минералдардың жетіспеуінен (тіс эмалындағы гиопоплазия) де болатыны белгілі.

Сур. 11. Сиырдың төменгі жақ сүйегіндегі Р -М тістерінің егелу ерекшеліктері

**Жылқы** – *Equus caballus L.*

Жылқыға тиесілі – 77 дана сүйек қалдықтар анықталды. Қаңқа элементтері кемінде үш жануарға тиесілі[‡]. Сүйектердің сақталу біркелкі емес, 33% – бүтін, 77% – бөлшектенген. Қаңқа элементтерінің ішінде бүтін сақталғандары көбіне жеке тістер (*dentis*), тізе (*ossa carpi*), тілерсек (*ossa tarsi*) және сирақтың дистальды бөліктері (*ossa digitorum manus-pedis*), асық (*talus*), өкше (*calcaneus*) сүйектері болып табылады (Сур. 12).

Сур. 12. Жылқының қаңқа элементтері (ерекшеленген топай (Ph-2) өңдеуге түскен)

Қаңқа бөліктерінің ішінде «етті бөлім» болып есептелетін кеуде (34%) мен аяқтың жоғарғы бөліктерінің (30%) элементтері басым (Кесте 3). Жылқының түтікшелі сүйектерінің эпифиздері (18/12) мен өкше сүйектерінің (*calcaneus*) төмпегінің (*tuber calcanei*) толық жетілуіне қарап (3/3), көбіне ересек жылқылардың сойылғанын байқауға болады. Жылқы тістерінің жас ерекшеліктеріне орай негізінен жасы үлкен жануарға тиесілі тістер басымдық көрсетіп отыр. Жасы үлкен жануарлардың көптігі, өз кезегінде қала тұрғындарының жылқыны мініс көлігі мен шаруашылық жұмыстарда көбірек пайдаланғанын растайды. Жылқы сүйектерінің арасында жыртқыш аңдардың (ит) мүжуінен қалған іздер өте сирек (1%). Өртенген сүйектер де осы мөлшерге жақын.

Қаңқа бөлігі	Ірі қара	Жылқы	Қой	Ешкі	Уақ мал	Түйе	Жиыны
Бас сүйек	15,2	1,2	41,3	35,2	6,3	16,6	15,1
Тістер	2,5	11,6	2,1	0	12,6	0	6,3
Кеуде (омыртқа, қабырға)	37,2	33,7	2,1	17,6	31,7	0	28,2
Аяқтың жоғары бөліктері	15,2	29,8	47,8	47,0	38,0	58,3	30,6
Аяқтың төменгі бөліктер	29,6	23,3	6,5	0	11,1	4,7	19,8
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>100,0</b>	<b>100,0</b>	<b>100,0</b>	<b>100,0</b>	<b>100,0</b>	<b>100,0</b>	<b>100,0</b>

## Кесте 3. Төрт түліктің қаңқа бөліктері қатынасы (%%)

Жылқы сүйектеріне жүргізілген биометриялық өлшемдер келесі нәтижелерді көрсетіп отыр. Артқы сирақтың (Mt III) дистальды ені 51,3-52,3 мм. Өкше сүйегінің (calcaneus) жалпы ұзындығы (max-min) – 113,8-117,4 мм. Топаи сүйектерінің (Ph-2 – (n-5) проксимальды ені (max-min) – 54,1-60,6 мм. Диафизінің ең кіші ені (max-min) – 47,7-52,9 мм. Ең үлкен ұзындығы (max-min) – 50,6-54,6 мм. Дистальды бөліктің ені (max-min) – 52,3-56,7 мм. Аспара жылқыларының топайларының өлшемдері салыстырмалы түрде ірі және жуан болып келуімен ерекшеленеді. Мысалы ортағасырлық Ақыртас төрткүлінен табылған жылқы топайларында аталған өлшемдердің көрсеткіштері төмен (Br (M) – 50,8 мм; SD (M) – 45,3 мм; Gl (M) – 43,2 мм)[§]. Жылқыға тиесілі топай сүйектерінің бір данасының пальмарлы (артқы жағы) беті егеліп, тегістелген (Сур. 13).

## Сур. 13. Плантарлы беті егелген жылқы топайы (Ph-2)

Өңдеуге түскен сүйектің нақты функциясын айту қиын. Бірақ, тегістеу үдерісі сүйектің тұтас бетін қамтығанымен, дистальды бұрыштарының көбірек қажалғанына қарап, бұйымды тегістеу не қыру мақсатында пайдаланған деп болжам жасауға болатын секілді.

Остеологиялық материалдардың сандық және сапалық құрамына қарап, ортағасырлық Аспара қаласы тұрғындарының шаруашылығында жылқы маңызды болғанын байқауға болады. Жылқыны қала тұрғындары шаруашылықта пайдаланған, оны жылқы сүйектерінің басым бөлігінің жасы үлкен жануарларға тиесілі болуы растайды. Қаңқа элементтерінің барлық бөліктерінің табылуына қарап, салыстырмалы түрде «Аспара жылқыларының» ірі тұқымды болғанын көрсетіп отыр. Жылқы сүйектері саны жағынан уақ мал мен ірі қарадан кейін үшінші орында. Дегенмен бұл жерде ескеретін мәселе, остеологиялық материалдар тек бір қазбаның негізінде қарастырылғандықтан, үй жануарларының санында ауытқушылықтар орын алуы заңды. Сол себепті жылқының шаруашылықтағы сандық мөлшеріне қатысты нақты тұжырым жасау ерте. Өкінішке орай, жылқыға тиесілі метаподиялардың (алдыңғы және артқы сирақ) болмауы, жануардың экстерьерлік пішіні туралы мәліметтер алуға мүмкін бермеді.

Уақ мал (*Ovis et Capra*).

Археозоологиялық зерттеулерде қой мен ешкі сүйектерін ажырату біршама қиын және күрделі. Әдетте зерттеушілер сүйектерінің анатомиялық құрылымы, пішіні мен көлемі ұқсас екі жануарды ұсақталып кеткен элементтеріне қарай ажыратуға талпына бермейді. Дегенмен, зоология ғылымында аталған екі жануардың сүйектерін ажыратуға арналған әдістемелер бар (Громова, 1953. 7-93). Өкінішке орай археологиялық қазба барысында табылатын қой мен ешкі сүйектерінің барлығы да ас үй қалдықтары болғандықтан (жеке ғұрыптық мысалдарды есептемегенде – авт.), екі жануарды өзара ажырату тек бүтін сүйектер мен нақты белгілері бар элементтеріне орай жүргізіледі. Зерттеу барысында нақты анықталған қой және ешкі сүйектерінен бөлек, жануар түрі ажыратылмаған сүйектерді ортақ «уақ мал» деп қарастырдық. Остеологиялық материалдардың ішінде қой мен ешкі сүйегіне ажыратылмаған уақ мал сүйектері – 63 дана. Қаңқа бөліктері бойынша кеуде (32%) және аяқтың жоғары бөліктері (38%) яғни «етті бөлігі» басым. Төменгі жақ сүйектердегі тұрақты азу тістердің өсу ерекшеліктеріне қарап, екі жастан асқан жануарды сойғанын көреміз. Дегенмен, тағам рационында үш айлық қозылардан (лақ) бастап, бір жасқа дейінгі тоқтылар (шыбыш) да болған (Кесте 4).

Төменгі жақ сүйектегі азу тістердің өсу үдерісі	Жануардың жасы, ай бойынша	Жақ сүйектердің саны
M <sub>1</sub> жоқ	3 – айға дейін	1
M <sub>1</sub> бар, M <sub>2</sub> жоқ	3 – 12 ай	3
M <sub>2</sub> бар, M <sub>3</sub> жоқ	12 – 24 ай	10
M <sub>3</sub> бар	24 – айдан жоғары	11

## Кесте 4. Уақ малдың төменгі жақ сүйегі негізіндегі жас мөлшері

**Қой – *Ovis aries* L.**

Нақты анықталған қойға тиесілі сүйектер саны – 46 дана, яғни жалпы сүйектердің 10% құрайды. Қойдың қаңқа бөліктері қатынасында бірқатар өзгешеліктер байқалады. Әдетте жиі байқалатын аяқтың жоғарғы бөліктерімен қатар (48%), бас сүйектің бөліктері (жақ сүйек) басымдыққа ие (41%). Түтікшелі сүйектердің (сан жілік, асықты жілік) тек диафиздері сақталғандықтан, эпифиздердің өсу үдерісі туралы нақты тұжырым жасау қиын. Жақ сүйектердегі тұрақты тістердің өсу үдерісіне қарап, көбіне 1-2 жас аралығындағы қойлардың сойылғанын көреміз. Бір дана қойға тиесілі бел омыртқада (*vertebrae lumbales*) артроз ауруы байқалады (Сур. 14). Буын және шеміршекте жиі кездесетін артроз ауруының нақты себептерін айту қиын. Дегенмен ветеринарияда аталған аурудың бірнеше себептері бар екені анықталған. Оның ішінде жиі кездесетіні дәрумендер мен минералдың жетіспеушілігі (Лукьяновский, 1984: 123-124).

Сур. 14. Артрозбен ауырған қойдың бел омыртқасы (*vertebrae lumbales*).

Қойға тиесілі остеологиялық материалдардың арасында өңделген сүйектер кездесті.

Шүмек – қойдың асықты жілігінен (*tibia*) жасалған. Шүмектің жоғарғы тесігі асықты жіліктің каудальды бетіне түсірілген. Тесіктің пішіні аздап сопақша келген. Төменгі тесігі әдетте жиі кездесетін асықты жіліктің дистальды эпифизінен дорсальды бағытта тігінен тесілмей, каудальды бетінен жоғарғы тесікпен параллель түскен (Сур. 15, №1). Асықты жіліктің екі эпифизи де толық жетілген. Бұл сүйектің 3 жастан асқан қойға тиесілі екендігін толық растайды.

Алдыңғы сирақ (Mc 3 – Mc4) – қойдың алдыңғы, сол аяғына тиесілі. Сирақтың проксимальды эпифизи дорса-вентральды бағытта тесілген (Сур. 15, №2). Сүйектің қандай мақсатта өңделгені белгісіз.

Тұсамыс сүйек (Ph 1) – оң аяққа тиесілі. Медиальды қыры тесілген. Сүйектің қандай мақсатта өңделгені белгісіз (Сур. 15, №3).

Сур. 15. Өңделген қой сүйектері.

**Ешкі – *Capra hircus* L.**

Жоғарыда атап өткеніміздей, уақ малдың сүйек қалдықтары арасынан ешкіге тиесілі сүйектерді нақты ажыратып алу қиын. Арнайы әдістемелік еңбектер болғанымен, бұл жерде жеке зерттеушінің тәжірибесі де әсер етеді. Остеологиялық материалдарды талдау барысында ешкіге тиесілі 17 дана қаңқа элементтері анықталды. Қаңқа бөліктерінің қатынасында аяқтың жоғарғы бөлігі (етті бөлімі) көп екендігі байқалады.

Сүйектердің барлығы да бөлшектенген, фрагмент түрінде кездеседі (Сур. 16). Бір дана сан жіліктің төменгі және жоғарғы эпифиздері түсіп қалған (жас жануар), басқа түтікшелі сүйектерде эпифиздердің сақталуына қарап, ешкілердің басым бөлігі 2-2,5 жастан асқан соң ғана етке пайдаланғанын көреміз.

Сур. 16. Ешкінің қаңқа элементтері

Ортағасырлық Аспара қаласының тұрғындарының шаруашылығында уақ малдың құрамында ешкіні пайдаланған және саны жағынан қойдан аса үлкен айырмашылыққа ие емес екендігі байқалады. Әдетте, ортағасырлық қоныс немесе қаладан табылған уақ мал сүйектерінің құрамында ешкі сүйектері 10%-дан аспайтын көрсеткішті көрсетеді. Бірақ ортағасырлық Аспара қаласының тұрғындарының шаруашылығында ешкіге, қоймен қатар мән берілгенге ұқсайды. Жас ерекшеліктеріне қарай, көбіне үлкен ешкілердің сойылуы, аталған жануарды сүт өнімін алу мақсатында қолға ұстауы мүмкін екендігін растайды.

**Түйе – *Camelus bactrianus* L.**

Қазба барысында табылған сүйек материалдардың ішінде түйе сүйектері көп емес. Жалпы материалдарға шаққанда 2,6% құрайды (12 дана). Қаңқа бөліктерінің ішінде аяқтың жоғарғы,

яғни «етті бөлігі» 60% құрайды. Бір дана шынтақ сүйегінің төмпегі толық өсіп жетілмеген және жыртқыш жануардың мұжуінен қалған іздер сақталған. Басқа сүйектер қатты бөлшектеңіп кеткендіктен, аталған жануардың жас ерекшеліктері туралы нақты тұжырым жасау қиын (Кесте 5).

ҚАҢҚА ЭЛЕМЕНТТЕРІ	Ірі қара	Уақ мал	Қой Ешкі Жылқы Түйе							
			Ф	Б	Ф	Б	Ф	Ф	Б	Ф
*Б	Ф	Б	Ф	Б	Ф	Ф	Б	Ф	Ф	
Cornu	0	1	0	0	0	1	2	0	0	0
Cranium	0	5	0	0	0	1	0	0	1	2
Dents	1	2	7	1	0	1	0	6	3	0
Maxilla	0	2	0	0	0	4	0	0	0	0
Mandibula	0	10	0	4	0	13	4	0	0	0
Atlas	0	1	0	0	0	1	1	2	0	0
Axis	0	0	0	0	0	0	2	0	0	0
Vertebra	0	3	4	6	0	0	0	0	12	0
Sacrum	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Sternum	0	0	0	10	0	0	0	0	0	0
Costae	0	40	0	0	0	0	0	0	12	0
Scapula	0	1	0	6	0	4	3	0	2	0
Humerus	0	1	0	3	0	3	2	0	5	0
Radius	0	5	0	4	0	0	0	0	3	3
Ulna	0	1	0	1	0	0	0	0	3	0
Carpus	1	3	0	0	0	0	0	1	0	0
Metacarpus	0	6	0	5	0	0	0	0	0	0
Os coxae	0	0	0	0	0	9	1	0	4	0
Femur	0	7	0	3	0	6	2	0	0	3
Patella	1	0	0	0	0	0	0	1	0	0
Tibia	0	2	0	7	0	0	0	0	5	1
Calcaneus	0	0	0	0	0	0	0	3	0	0



Talus	0	1	0	0	0	0	0	1	0	1
Tarsus	1	0	0	0	0	0	0	2	0	0
Metatarsus	0	2	0	2	0	0	0	0	1	0
Metapodium	0	8	0	0	0	0	0	2	0	0
Ossa sesamoidea	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Mc-Mt: 2-4	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Ph 1	5	1	0	0	2	0	0	1	0	2
Ph 2	5	0	0	0	0	0	0	5	0	0
Ph 3	4	0	0	0	1	0	0	2	0	0
ЖИЫНЫ	18	100	11	52	3	43	17	26	51	12
118	63	46	17	77	12					
333										
Сүтқоректілер (Mammalia)	Ірі жануарла р	80								
Ұсақ жануарлар	32									
БАРЛЫҒЫ	445									
*Ескерту: Б бүтін; Ф фрагмент										

Кесте 5. Ортағасырлық Аспара қаласынан табылған үй жануарларының қаңқа элементтері

**Ит** – *Canis familiaris* L.

Итке тиесілі екі дана бүтін сүйектер анықталды – алдыңғы сирақ (Mc 4?) және сан жілік (femur) (Сур. 17). Эпифиздері толық жетілген сан жіліктің жалпы ұзындығы (GL) – 185 мм.

Сур. 17. Итке тиесілі сүйектердің қаңқа топографиясындағы орны

Итке тиесілі сүйектер ортағасырлық ескерткіштерден жиі кездесетін құбылыс. Кейбір энеолит және қола дәуіріне тән қоныстардан итке тиесілі сүйектердің өте көп кездесуіне байланысты, иттің етін тағам ретінде қолданылу дәстүрі болған деген тұжырымдар кездеседі (Секерская, 2010: 149). Бірақ, орта ғасырларда шаруашылықта тұяқты үй жануарларының көбеюі, итті үй жануары ретінде қолда ұстағанымен, тағам ретінде пайдаланбаған.

**Есек** – *Equus asinus* L.

Есекке тиесілі бір дана асық (talus) анықталады (Сур. 18-19). Суреттен байқалғандай, есекке тиесілі асық (суретте - №1) салыстырмалы түрде жылқы асықтарынан (суретте - №2-3) екі есе кіші болып келеді. Егер асықты есекке емес, жас жылқыға яғни тайға тиесілі деген ой айтылса, бұл жерде сүйектің құрылымы маңызды рөл ойнайтынын ескеру керек. Мәселен, асық куб тәріздес, тығыз сүйек. Жас жануарға (тай, құлын) тиесілі болғанда, кеуекті сүйек бірден анықталады. Мұнда сүйектің анатомиялық тұрғыдан әбден жетілген үлкен жануарға (есекке) тиесілі екендігін байқау қиын емес және сүйек суда қайнатылмаған (ас ретінде қолданылмаған). Бұл аталған сүйектің есекке тиесілі екендігін қосымша растай түседі.

Сур. 18. Есектің асығы №1 (*talus*).

GH – 50,1 мм; LmT – 48,6 мм; GB – 53,0 мм, BFd – 38,5 мм

Сур. 19. Есекке тиесілі асықтың негізгі өлшемдері  
(Өлшемдердің аббревиатурасы А. Дриш еңбегіне сәйкес)

**Құлан** – *Equus hemionus* P.

Құланға тиесілі сүйектер саны – 4 дана. Бірақ осы жерде бір ескере кететін жағдай, құлан, есек және жылқының анатомиялық құрылымы өзара ұқсас. Айырмашылықтары тек сыртқы көлеміне және аса сирек байқалатын белгілеріне қарап қана ажыратылады. Археозоологиялық зерттеулерде құлан сүйегін көбіне сыртқы көлеміне қарап ажырату жиі кездесетін құбылыс. Құланға тиесілі қаңқа элементтері – тістер (*dentes*), жауырын (*scapula*), тізе сүйегі (*ossa carpi radiale*) болып табылады. Тістердің екеуі де тұрақты азулар – М Жауырынның тоқпан жілікпен байланысатын буын ойысы (*cavitas glenoidalis*) сынып, жоғалған.

**Ақбөкен** – *Saiga tatarica* L. Ақбөкенге бір дана мүйіздің түбірі тиесілі. Ақбөкен мүйізінен қандай да бір өңдеу белгілері байқалмайды (Кесте 6).

ҚАҢҚА ЭЛЕМЕНТТЕРІ	Құлан	Ақбөкен	Ит	
	<i>Equus hemionus</i> P.	<i>Saiga tatarica</i> L.	<i>Canis familiaris</i> L.	
Б*	Ф	Б	Б	
Cornu	0	0	1	0
Dents	2	0	0	0
Sacrum	0	1	0	0
Carpus	1	0	0	0
Metacarpus	0	0	0	1
Os coxae	0	0	0	0
Femur	0	0	0	1
Talus	1	0	0	0
ЖИЫНЫ	4	1	1	2
5	1	2		
8				
*Ескерту: Б – бүтін; Ф -фрагмент				

Кесте 6. Ортағасырлық Аспара қаласынан табылған жабайы жануарлар мен иттің қаңқа элементтері

### Қорытынды

Анықталған сүйектердің 74,1% үй жануарларына тиесілі. Үй жануарларының ішінде бірінші уақ мал сүйектері (27,7%), екінші орында ірі қара (26%), үшінші орында жылқы (17%) сүйектері басым. Дегенмен бұл сандар тек бір қазбаның көлемінде ғана алынып отырғандықтан, жалпы ескерткіш тұрғындарының тағам рационындағы пайыздық мөлшерді көрсете алмайды. Зерттеу жұмысы үшін жануар түрлері мен олардың жас ерекшеліктері бойынша алынған мәліметтер құнды болып табылады. Қала тұрғындары уақ малдың ішінде ешкіні көбіне сүт өнімдері үшін пайдаланған тәрізді. Себебі сүйектерге жүргізілген талдаулар, ешкілердің көбіне 2,5-3 жастан асқан соң ғана сойылғанын көрсетіп отыр. Бұл жерде ешкілер нақты 3 жасында сойылды деген түсінік тумау керек. Әдетте уақ малдың жақ сүйегіндегі тұрақты азу тістер 24 айға дейін толық шығып болады. Зоологияда белгілі, ешкілердің өмір сүру ұзақтығы орташа 9-10 (сирек жағдайда 17-18) жыл деп есептесек, шаруашылықта пайдалану кезеңі орташа 7-8 жылды құрайды. Яғни 3 жастан асқан ешкілерді сүт өнімін алу мақсатында тағы 3-4 жыл шаруашылықта ұстау мүмкіндігі жоғары. Зерттелініп отырған ешкі сүйектерінің ішінде кәрі жануарға тиесілі сүйектердің болмауы, аталған жануарды шаруашылықта бірнеше жыл пайдаланған соң, ет өнімін алу мақсатында сойған тәрізді. Ешкілердің сүйектерінің аздығы жануардың жыныстық диморфизмін анықтауға кедергі келтіріп отыр. Ал қой сүйектерінің ішінде жануардың сойылуында мұндай ерекшелік байқалмайды. Мысалы остеологиялық материалдардың ішінде 3 айдан асқан қозылардан бастап, 24 айдан асқан ересек қойларға тиесілі сүйектер кездесіп отыр. Уақ мал сүйектерінің арасында сүйекте кездесетін аурулардың болғаны байқалды. Ірі қараны қала тұрғындары ет өнімін алуда көбірек пайдаланған тәрізді. Жыныстық диморфизмінде аналық сиырлармен қатар, бұқаға тиесілі сүйектер де кездеседі. Бірақ аталған жануарлардың жас мөлшері біркелкі емес. Мысалы 6 айдан асқан бұзау сүйектері мен 28 айдан асқан бұқа сүйектері кездесіп отыр. Түйе шаруашылығы басқа жануарларға қарағанда аса қатты дамымаған секілді. Тағам рационында қолданылу мөлшері 2,6% құрайды. Жабайы жануарлар саны салыстырмалы түрде өте аз, жалпы материалдарға шаққанда – 1% аспайды. Бұл қала тұрғындарының үй жануарларына көбірек мән беруімен қатар, аңшылықтың негізгі тамақ өнімін алудағы рөлінің азайғанын білдіреді. Жануар сүйектерінің қаңқа элементтеріне жүргізілген талдаулар, әдетте ортағасырлық қоныстар мен қалаларда жиі кездесетін мөлшерден алшақ еместігін көрсетіп отыр. Жануардың «етті бөлігі» болып табылатын аяқтарының жоғары бөлігі мен кеуде сүйектері жалпы материалдардың ішінде шамамен 60% құрайды. Қой сүйектерінің арасында «бас сүйекке» тиесілі элементтер көп кездесіп отыр (41%). Бұл тұрғындардың ас ішу дәстүрінде қойдың басын қолданудың жиі орын алғанын байқататын секілді. Керісінше, жылқының бас сүйегіне тиесілі элементтер өте аз кездесті (1%). Бұл көрсеткіш ірі қарада 15% құрайды. Жануар сүйектеріне жүргізілген өлшемдер, Аспара қаласының тұрғындары ірі тұқымды жылқыны пайдаланғанын байқатады. Салыстырмалы түрде, Талас өңірінің ортағасырлық ескерткіштерінен табылған жылқы сүйектерімен қатар зерттеуде, бұл пікіріміздің растығына көзіміз жетіп отыр. Салыстырмалы материалдар Талас өңіріндегі X–XIII ғасырларда өмір сүрген Ақыртас төрткүлінен анықталған. Аспара қаласындағы қазба жүргізілген нысаннан табылған материалдар XIV–XV ғасырларға жатады. Біздің ойымызша, бірнеше ғасыр көлемінде Шу-Талас өңіріндегі жылқы шаруашылығында тұқымды асылдандыру шаралары немесе сол кезеңдегі саяси-экономикалық жағдайлармен байланысты, көршілес аймақтардан келген жылқы тұқымдары болуы да мүмкін. Дегенмен, остеологиялық материалдар тек бір қазбаның ғана көлемінде қарастырылып отырғандықтан, жылқы тұқымдарының ірілігіне қатысты пікіріміз болжам ретінде айтылып отырғанын ескертеміз.

Ескерткіштен табылған остеологиялық материалдардың археозоологиялық тұрғыдан

зерттелуі тұңғыш рет ғылыми айналымға еніп отырғандықтан, мақалада көрсетілген сүйектердің сандық, сапалық, түр бойынша құрамы және бірқатар биометриялық өлшемдердің нәтижелері осы бағыттағы басқа да зерттеулер үшін, құнды салыстырмалы мағлұмат боларына сеніміміз мол.

## ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- Волин С. (1960.). Сведения арабских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды ИИАЭ АН КазССР. – Т. 8. – С. 72-92.
- Археологическая карта Казахстана. Реестр. (1960.). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. – 449 с.
- Алипчиев С., Байбосынов К. (1982.). Свод памятников истории и культуры Джамбулской области. – Джамбул: Джамбулский областной историко-краеведческий музей. – 209 с.
- Байпаков К.М. (2002). Городища Аспара // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. – Алматы: РГП «НИПИ ПМК». – Т. 2. – 350 с.
- Байпаков К.М. (2011). Крепость Аспара // Свод памятников истории и культуры Жамбылской области. Меркенский район. – Алматы. – 256 с.
- Байпаков К.М. (2016). Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга III, часть 1. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. – 596 с.
- Бартольд В.В. (1964). Сочинения. Том 2. Часть 2. Работы по отдельным проблемам истории Средней Азии. – М.: Наука. – 661 с.
- Бернштам А.Н. (1941). Археологический очерк Северной Киргизии. – Фрунзе: Изд. Комитет наук при СНК Киргизской ССР. – 112 с.
- Труды Семиреченской археологической экспедиции «Чуйская долина». (1950). Сост. под рук. А.Н. Бернштама / МИА №14. – М.-Л.: Изд-во АН СССР. – 160 с. + XCV табл.
- Бернштам А.Н. (1946). Некоторые итоги археологических работ в Семиречье // Краткие сообщения Института истории материальной культуры. – М.-Л. – Вып. 13. – С. 110-118.
- Пацевич Г.И. (1941). Археологические памятники района среднего течения реки Чу // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана. – Джамбул. – Описание 2, папка 134. – 49 с.
- Маргулан А.Х. (1950). Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – АлмаАта: Изд-во АН КазССР. – 122 с.
- Кожемяко П.Н. (1959). Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. – Фрунзе : Акад. наук Киргиз. ССР. – 186 с.
- Ерзакович Л.Б. (1965). Городище Аспара в послемонгольское время (Чуйская долина) // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. – №3. – С. 81-91.
- Ерзакович Л.Б. (1968). О позднесредневековом городище Аспара // Новое в археологии Казахстана. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР. – С. 85-97.
- Муратов С.Н., Ерзакович Л.Б. (1967). Лопатка коровы с тюркскими письменами на арабском алфавите из городища Аспара (Чуйская долина) // Эпиграфика Востока. – Вып. 18. – С. 71-79.
- Байпаков К.М., Ақымбек Е.Ш. (2014). 2013 жылы Аспара қаласында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі // Восхождение к вершинам археологии: Сборник материалов международной научной конференции «Древние и средневековые государства на территории Казахстана», посвященной 90-летию со дня рождения К.А. Акишева. – Алматы. – С.384-405.
- Байпаков К.М. (2014). Средневековая городская культура Казахстана в XII-XV вв. по сведениям письменных источников, археологическим исследованиям и нумизматическим материалам // Отчет о научно-исследовательской работе. – Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. – Алматы. Оп. 2, д. 3178. – 77 с.
- Акаевский А.И., Юдичев Ю.Ф., Селезнев С.Б. (2005). Анатомия домашних животных. – Москва, ООО «Аквариум-Принт». – 640 с.: ил.
- Жанабеков К., Мақашев Е. (1996). Жануарлар анатомиясы. – Алматы, Білім. – 336 б. Цалкин В.И. (1967). Домашние животные Золотой Орды // Бюллетень московского общества испытателей природы. Отдел биологии, Т. 72 (1). С. 114-129.
- Лукьяновский В.А. и др. (1984). Болезни костной системы животных. – Москва, Колос. – 254 с.
- Громова В. (1953). Остеологические отличия родов сарга (козлы) и ovis (бараны). Руководство для определения ископаемых остатков // Труды комиссии по изучению четвертичного периода. Издательство АН СССР. – Москва. – 125 с.

Driesch A.V. (1976). A Guide to the measurement of animal bones from archeological sites // Preabody Museum of Archeology and Ethnology Harvard University. Bulletin 1. 136 p.

Гайдученко Л.Л., Кирбшин К.Ю. (2013). Остеологический комплекс раннеэнеолитического поселения Новоильинка-6 в Кулунде // Труды филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана. – Астана: Издательская группа ФИА им. А.Х. Маргулана в г. Астана, Т.2. – С. 212-220.

Секерская Е.П. (2010). Особенности палеоэкономической стратегии населения Нижнего Дуная в эпоху позднего энеолита – ранней бронзы // Культурное пространство между Балканами и Великой степью в эпоху камня – бронзы. Материалы по археологии Северного Причерноморья. Вып. 11. Одесса, «СМИЛ». С. 141-162

## REFERENCES

Volin S. (1960). Svedeniia arabskikh istochnikov IX–XVI vv. o doline reki Talas i smejnyh raionah [Information from Arab sources of the IX–XV centuries. about the Talas River valley and adjacent areas] // Trýdy IIAE AN KazSSR. – T. 8. – S. 72-92. [in Russian].

Arheologicheskaiia karta Kazahstana. Reestr. (1960). [Archaeological map of Kazakhstan. Registry]. – Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR. – 449 s. [in Russian].

Alipchiev S., Baibosynov K. (1982). Svod památnikov istorii i kúltúry Djambýlskoi oblasti [Collection of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Zhambyl region]. – Djambýl: Djambýlski oblastnoi istoriko-kraevedcheski múzei. – 209 s. [in Russian].

Baipakov K.M. (2002). Gorodisha Aspara [Medieval settlement of Aspara] // Svod památnikov istorii i kúltúry Respýbliki Kazahstan. Jambylskaia oblast. – Almaty: RGP «NIPI PMK». – T. 2. – 350 s. [in Russian].

Baipakov K.M. (2011). Krepost Aspara [Aspara Fortress] // Svod památnikov istorii i kúltúry Jambylskoi oblasti. Merkenski raion. – Almaty. – 256 s. [in Russian].

Baipakov K.M. (2016). Drevnáa i srednevekovaia ýrbanizatsia Kazahstana [Ancient and medieval urbanisation of Kazakhstan]. Kniga III, chast 1. – Almaty: Institut arheologii im. A.H. Margýlana. – 596 s. [in Russian].

Bartold V.V. (1964). Sochineniia. Tom 2. Chast 2. Raboty po otdelnym problemam istorii Srednei Azii [Works on certain problems of the history of Central Asia]. – M.: Naýka. — 661 s. [in Russian].

Bernshtam A.N. (1941). Arheologicheskii ocherk Severnoi Kirgizii [Archaeological sketch of Northern Kyrgyzstan]. – Frýnze: Izd. Komitet naýk pri SNK Kirgizskoi SSR. – 112 s. [in Russian].

Trýdy Semirechenskoi arheologicheskoi ekspeditsii «Chýiskaia dolina» (1950). [Proceedings of the Semirechensk archaeological expedition «Chui valley»]. Sost. pod rýk. A.N. Bernshtama / MIA №14. – M.-L.: Izd-vo AN SSSR. – 160 s. + XCV tabl. [in Russian].

Bernshtam A.N. (1946). Nekotorye itogi arheologicheskikh rabot v Semireche [Some results of archaeological work in Semirechye] // Krátkie soobsheniia Institúta istorii materialnoi kúltúry. – M.-L. – Vyp. 13. – S. 110-118. [in Russian].

Pasevich G.I. (1941). Arheologicheskie památniki raiona srednego techeniia reki Chý [Archaeological sites of the Middle Chu River area] // Arhiv Institúta arheologii im. A.H. Margýlana. – Djambýl. – Opis 2, papka 134. – 49 s. [in Russian].

Margýlan A.H. (1950). Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskýsstva drevn'kgo Kazahstana [From the history of cities and construction art of ancient Kazakhstan]. – Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSSR. – 122 s. [in Russian].

Kojemáko P.N. (1959). Rannesrednevekovye goroda i poseleniia Chýiskoi doliny [Early Medieval towns and settlements of the Chui Valley]. — Frýnze : Akad. naýk Kirgiz. SSR. – 186 s. [in Russian].

Erzakovich L.B. (1965). Gorodishe Aspara v poslemongolskoe vremá (Chýiskaia dolina) [Aspara settlement in the post-Mongol period (Chui Valley)] // Izvestia AN KazSSR. Seria obshestvennykh naýk. – №3. – S. 81-91. [in Russian].

Erzakovich L.B. (1968). O pozdnesrednevekovom gorodishe Aspara [About the late medieval settlement of Aspara] // Novoe v arheologii Kazahstana. – Alma-Ata: Izd-vo «Naýka» KazSSR. – S. 85-97. [in Russian].

Mýratov S.N., Erzakovich L.B. (1967). Lopatka korovy s túrkskimi písmenami na arabskom alfavite iz gorodisha Aspara (Chýiskaia dolina) [A cow's shoulder blade with Turkic characters in the Arabic alphabet from the Aspara settlement (Chui Valley)] // Epigrafika Vostoka. – Vyp. 18. – S. 71-79. [in Russian].

Baipakov K.M., Aqymbek E.Sh. (2014). 2013 jyly Aspara qalasynda júrgizilgen arheologialyq zertteý jumystarynyń nátiyesi [Results of archaeological research conducted in Aspara in 2013] // Voshojdeme k vershinam arheologii: Sbornik materialov mejdýnarodnoi naýchnoi konferentsii «Drevnie i srednevekovye gosýdarstva na territorii Kazahstana», posváshennoi 90-letýy so dná rojdeniia K.A. Akisheva. – Almaty. – S.384-405. [in Kazakh].

Baipakov K.M. (2014). Srednevekovaia gorodskaiia kúltúra Kazahstana v XII-XV vv. po svedeniam písmennykh istochnikov, arheologicheskím issledovaniám i nýmizmaticheskím materialam [Medieval urban culture of Kazakhstan in the XII-XV centuries. according to written sources, archaeological research and numismatic materials] // Ochet o naýchno-issledovatel'skoi rabote. – Arhiv Institúta arheologii im. A.H. Margulan KN MON RK. – Almaty. Op. 2, d. 3178. – 77 s. [in Russian].

Akaevskii A.I., Iy'dichev Iy.F., Celeznev C.B. (2005). Anatomia domashnih jivotnyh [Anatomy of pets]. – Moskva, OOO «Akvariým-Print». – 640 c.: il. [in Russian]. Jańabekov K., Maqashev E. (1996). Janýarlar anatomiasy [Animal anatomy]. – Almaty, Bilim. – 336 b. [in Kazakh].

Salkin V.I. (1967). Domashnie jivotnye Zolotoi Ordy [Pets of the Golden Horde] // Búleten moskovskogo obshestva ispytatelei prirody. Otdel biologii, T. 72 (1). S. 114-129. [in Russian]. Lykánovskii B.A. i dp. (1984). Bolezni kostnoi sistemy jivotnyh [Diseases of the animal bone system]. – Moskva, Kolos. – 254 s. [in Russian].

Gromova V. (1953). Osteologicheskie otlichia rodov capra (kozly) i ovis (barany). Rýkovodstvo dlá opredelna iskopaemyh ostatkov [Osteological differences between the genera capra (goats) and ovis (sheep). Guide to the identification of fossils] // Trýdy komissii po izýcheniyú chetvertichnogo perioda. Izdatelstvo AN SSSR. – Moskva. – 125 s. [in Russian].

Driesch A.V. (1976). A Guide to the measurement of animal bones from archeological sites // Preabody Museum of Archeology and Ethnology Harvard University. Bulletin 1. 136 r. [in English].

Gaidýchenko L.L., Kirbshin K.Iy. (2013). Osteologicheski kompleks ranneeneoliticheskogo poselenia Novoilinka-6 v Kýlýnde [Osteological complex of the Early Neolithic settlement of Novoilinka-6 in Kulunda] // Trýdy filiala Instityta arheologii im. A.H. Margýlana v g. Astana. – Astana: Izdatelskaia grýppa FIA im. A.H. Margýlana v g. Astana, T.2. – S. 212-220.[in Russian].

Sekerskaia E.P. (2010). Osobennosti paleoekonomicheskoi strategii naselenia Nijnego Dýnaia v epohý pozdnego eneolita – rannei bronzy [Features of the paleoeconomical strategy of the population of the Lower Danube in the Late Eneolithic – Early Bronze Age] // Kúltýrnoe prostranstvo mejdy Balkanami i Velikoi stepú v epohý kamná – bronzy. Materialy po arheologii Severnogo Prichernomorá. Vyp. 11. Odessa, «SMIL». S. 141-162.[in Russian].

## МАЗМҰНЫ

<b>Абикова Г.М., Бегімова М.Қ.</b> ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАНЫҢ СИРЕК КІТАПТАРЫ МЕН ҚОЛЖАЗБАЛАР .....	5
<b>Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С.</b> ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ҚАЛАСЫНЫҢ ОСТЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ .....	18
<b>Асанова Г.К.</b> А.И. ЛЕВШИННИҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫНЫҢ БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ.....	36
<b>Асанова Г.К.</b> ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ГЕНЕЗИСІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ШЫҒЫС (ЕУРОПАЛЫҚ ЕМЕС) ЖОЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ КОНТЕКСТІНДЕ.....	52
<b>Бисембаева Л.А., Әлімбаев Ұ.М.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРЫС ОҚУ ОРЫНДАРЫ, ОЛАРДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚҚА ӘСЕРІ (XIX ғ. II жарт. -XX ғ. басы).....	65
<b>Борбасов С.М.</b> «АЛАШ» ПАРТИЯСЫ СЕРЕКЕЛЕРІНІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ҚАЛЫПТАСУЫ ИДЕЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕ.....	78
<b>Жаңабаев Қ., Түргенбаева А.Ш., Шотанова Г.А.</b> ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ ЖЫРДЫҢ «ФОРМУЛЬДІК СТИЛЬ» МЕН ТІЛ.....	100
<b>Исова Л., Қайпжан Ж., Туманшиев Д., Тұран Н.</b> ЛАТВИЯ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТ ТӨНДРЕГІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	115
<b>Кәрімов М.Қ., Ибраимова М.С., Даутова А.Ф., Құдайбергелулы Б.</b> ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НАРЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНА БЕЙІМДЕЛУІ (XIX ғ. – XX ғ. басы).....	129
<b>Нұрбай Қ.Ж.</b> XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-КОНФЕССИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР: ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕ.....	145
<b>Оразбаева Ф.Ш.</b> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТАРИХЫ.....	159
<b>Рүстемов С.К., Оразов Р.Е.</b> XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ЛИБЕРАЛИЗМ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....	177
<b>Сәтенова М.Р.</b> ЦИН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОСЫ ТҮРҒЫДА РЕСЕЙМЕН ТЕКЕТІРЕСІ.....	191
<b>Сманова А.М., Чаргынова Г.О.</b> ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖЕТШАҒАР МЕМЛЕКЕТІНІҢ КҮЙРЕУІНЕ ҚАТЫСТЫ KEЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР.....	205
<b>Турмахан Н.</b> ЕРТЕ САРМАТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНДА (тарихнамалық шолу).....	216
<b>Уалтаева А.С., Досымқары С.М.</b> КЕДЕН САЛАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ-ҚАЗАҚСТАН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ.....	226
<b>Удербаетова С.К.</b> ЖЕТІСУ ЖӘНЕ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ БОЛЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУ, ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XIX-XX ғғ. БАСЫ).....	236
<b>Якубов И.Х., Нуриддинов У.</b> АМЕРИКАНДЫҚ ӘСКЕРЛЕРДІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛУЫНЫҢ САЛДАРЫ. ӨЗБЕКСТАНДЫҚ КӨЗҚАРАС ТҮРҒЫСЫНАН.....	249

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абикова Г.М., Бегимова М.К.</b> РЕДКИЕ КНИГИ И РУКОПИСИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ.....	5
<b>Акымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С.</b> ОСТЕОЛОГИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА АСПАРА (по материалам раскопок 2014 г.).....	18
<b>Асанова Г.К.</b> НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ А.И. ЛЕВШИНА КАК ПЕРВОКЛАССНЫЙ ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	36
<b>Асанова Г.К.</b> ГЕНЕЗИС КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В КОНТЕКСТЕ ОБЩЕЙ КОНЦЕПЦИИ ВОСТОЧНОГО ПУТИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ГОСУДАРСТВ.....	52
<b>Бисембаева Л.А., Алимбай У.М.</b> РУССКИЕ УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА МЕСТНОЕ НАСЕЛЕНИЕ (вторая половина XIX века - начало XX века).....	65
<b>Борбасов С.М.</b> ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ ЛИДЕРОВ ПАРТИИ «АЛАШ» В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИДЕИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	78
<b>Жанабаев К., Тургенбаева А.Ш., Шотанова Г.А.</b> «ФОРМУЛЬНЫЙ СТИЛЬ» И ЯЗЫК ЭПОСА В КАЗАХСКИХ И ЗАРУБЕЖНЫХ ИСТОЧНИКАХ.....	100
<b>Исова Л., Қайпжан Ж., Туманшиев Д., Туран Н.</b> ЛАТВИЯ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	115
<b>Каримов М.К., Ибраимова М.С., Даутова А.Ф., Құдайбергелулы Б.</b> ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЕ АДАПТАЦИЯ К РЫНОЧНЫМ ОТНОШЕНИЯМ (XIX в. – НАЧАЛО XX в.).....	129
<b>Нурбай К.Ж.</b> ГОСУДАРСТВЕННО-КОНФЕССИОНАЛЬНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ XX в.: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА.....	145
<b>Оразбаева Ф.Ш.</b> ИСТОРИЯ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА.....	159
<b>Рустемов С.К., Оразов Р.Е.</b> МУСУЛЬМАНСКИЙ ЛИБЕРАЛИЗМ НАЧАЛА XX ВЕКА И ДВИЖЕНИЕ «АЛАШ».....	177
<b>Сатенова М.Р.</b> ПОЛИТИКА ЦИНСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ И ПРОТИВОБОРСТВО В ДАННОМ ВОПРОСЕ С РОССИЕЙ.....	191
<b>Сманова А.М., Чаргынова Г.О.</b> НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ, ОТНОСЯЩИЕСЯ К РАСПАДУ ГОСУДАРСТВА ЙЕТТИШАР В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ.....	205
<b>Турмахан Н.</b> К ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМЫ ПРОИСХОЖДЕНИЯ РАННЕСАРМАТСКОЙ КУЛЬТУРЫ (предварительный историографический обзор).....	216
<b>Уалтаева А.С., Досымкары С.М.</b> ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ РОССИЙСКО – КАЗАХСТАНСКОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В ТАМОЖЕННОЙ СФЕРЕ.....	226
<b>Удербасова С.К.</b> ОСОБЕННОСТИ СОЗДАНИЯ, ГЕОГРАФИЧЕСКОГО РАСПОЛОЖЕНИЯ ВОЛОСТЕЙ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ И СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТЯХ.....	236
<b>Якубов И.Х., Нуридинов У.</b> ПОСЛЕДСТВИЯ ВЫВОДА АМЕРИКАНСКИХ ВОЙСК ИЗ АФГАНИСТАНА. ВЗГЛЯД ИЗ УЗБЕКИСТАНА.....	249



## CONTENTS

<b>Abikova G.M., Begimova M.K.</b> RARE BOOKS AND MANUSCRIPTS OF THE CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY .....	5
<b>Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S.</b> OSTEOLOGICAL DATA FROM THE MEDIEVAL SITE OF ASPARA (based on 2014 season excavation materials)..	18
<b>Assanova G.K.</b> HERITAGE OF A.I. LEVSHIN AS A FIRST-CLASS SOURCE ON THE HISTORY OF KAZAKH STATEHOOD.....	36
<b>Assanova G.K.</b> THE GENESIS OF THE KAZAKH STATEHOOD IN THE CONTEXT OF THE GENERAL CONCEPT OF THE EASTERN (NON-EUROPEAN) WAY OF THE EMERGENCE OF STATES.....	52
<b>Bissembayeva L.A., Alimbai U.M.</b> RUSSIAN EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN KAZAKHSTAN AND THEIR IMPACT ON THE LOCAL POPULATION (the second half of 19th century and the beginning of the 20 century) .....	65
<b>Borbassov S.M.</b> THE SPIRITUAL HERITAGE OF THE «ALASH» PARTY LEADERS IN THE CONTEXT OF KAZAKH STATEHOOD FORMATION.....	78
<b>Zhanabaev K., Turgenbaeva A.Sh., Shotanova G.A.</b> «FORMULA STYLE» AND THE LANGUAGE OF THE EPIC IN KAZAKH AND FOREIGN SOURCES.....	100
<b>Issova L., Kaipzhan Zh., Tumanshiyev D., Turan N.</b> KAZAKHSTAN-LATVIA: ISSUES OF COOPERATION IN THE FIELD OF INTERNATIONAL TRANSIT.....	115
<b>Karimov M., Ibrayemova M., Dautova A., Kudaibergenuly B.</b> SOME FEATURES OF THE TRADITIONAL KAZAKH ECONOMY AND ITS ADAPTATION TO MARKET RELATIONS (XIX -EARLY XX CENTURIES).....	129
<b>Nurbay K.Zh.</b> STATE-CONFESSIONAL RELATIONS IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING OF THE XX c.: HISTORIOGRAPHIC PROBLEM.....	145
<b>Orazbaeva F.Sh.</b> HISTORY OF THE KAZAKH LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY.....	159
<b>Rustemov S.K., Orazov R.E.</b> MUSLIM LIBERALISM OF THE EARLY TWENTIETH CENTURY AND THE ALASH MOVEMENT.....	177
<b>Satenova M.R.</b> POLICY OF THE QING EMPIRE IN THE KAZAKH STEPPE AND THE STRUGGLE WITH RUSSIA IN THIS MATTER.....	191
<b>Smanova A. M., Charginova G. O.</b> SOME ISSUES RELATED TO THE COLLAPSE OF YETTISHAR STATE IN EASTERN TURKESTAN.....	205
<b>Turmakhan N.</b> TO THE STUDY OF THE ISSUE OF EARLY SARMATIAN CULTURE ORIGIN (preliminary historiographic review).....	216
<b>Ualtayeva A.S., Dossymkary S.M.</b> MAIN ASPECTS OF RUSSIAN-KAZAKHSTAN INTERACTION IN THE CUSTOMS SPHERE.....	226
<b>Uderbaeva S.K.</b> FEATURES OF CREATION, GEOGRAPHIC LOCATION OF VOLOSTS IN SEMIRECHENSK AND SYRDARYA REGIONS (XIX-EARLY XX CENTURIES).....	236
<b>Yakubov I.Kh., Nuriddinov U.</b> CONSEQUENCES OF THE AMERICAN TROOPS WITHDRAWAL FROM AFGHANISTAN. THE VIEW FROM UZBEKISTAN.....	249

## **EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2021. 2(26)

Бас редактор:  
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2021.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru).  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй